«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

**ХАТТАМА № 8**

2023 жылғы 27 сәуір
Жаңаөзен ауылы
**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі,
мектеп психологтары,ӘБ жетекшілері, пән мұғалімдері

**Күн тәртібі:**

1. 9-11 сынып оқушыларының мемлекеттік қорытынды аттестатауға дайындық барысында мектеп психологының ұсынысы туралы (мектеп психологі А..М.Канашева)
2. «Kundelik.kz» жүйесін уақытылы толтырылуы мен онлайн мектеп платформасымен жұмыс жасау барысы туралы (директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Д.Б Унуспаева, К.Т.Ашимханов)
3. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмысы туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж:Тагаева).

**Тыңдалды:**

1. А.М.Канашаева мектеп психологі

- Мемлекетті қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша оқу жылы басында жұмыс жоспары құрылып, бекітілп жұмыс жүйелі түрдле жүргізілуде. Бүгінгі күні емтихан дегенде ойға қосымша үлттық бірыңғай тестілеу келеді. Жаңа жылға дейін оқушылармен жұмысты онлайн түрінде видеороликтар, жаттығулар арқылы жүргіздік. Бірақ, бүгінгі күні бұл оқушылармен жекелей жұмыс жүргізілуде..Жалпы пән мұғалімдеріне психолог ретінде төмендегідей ұсыныстар беремін:
- Емтиханмен қорқытуға болмайды, оқушы өз күші мен мүмкіндігін нақты білуі керек
- ❖ Алдында мақсат қою
- ❖ Қате жіберуден қорықпау
- ❖ Мәтіндегі негізгі ақпаратты ажыратуға үйрету.
- ❖ Өз уақытын үнемдеуге үйрету
- ❖ Тапсырма қиындықтарын жеңе білу
- ❖ Өзін билей білу өнеріне үйрету
- Емтиханға дайындығын неден бастау керек:
- ❖ Жылдық жоспар дайындап алу
- Кері байланыс қағидасын орнату. Мұнда оқушылар дайын кілттер арқылы өз қателерін өздері тексереді немесе қатар отырған бала тексереді. Үлгірмеушілер анықталып, солармен жұмиыс жүргізіледі. Мұғалім олардың үлгермеу себебін түсіндіріп береді.

Бір ғана теориялық сұрақты немесе бір тапсырманы бірнеше рет үлгілері арқылы орындаса, ескерінде жақсы қалады.

2. Д.Б. Унуспаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

- Жалпы мектеп бойынша «Kundelik.kz» жүйесін жүргізу уақытылы жүйелі түрде жүргізіледі. Барлық көрсеткіштер бойынша бақылауда. Дегенмен, кейде үй жұмысын уақытылы берілуі 99 % - ға түсіп қалады. Үнемі ескерту алатын педагогтар: Аманжолова А, Бейсембин Б, Есмұрат Г.

3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж:Тагаева).

Оқушыларды еңбекке баулу, эстетикалық тәрбие беру мақсатында мектеп ауласын көгалдандыру жоспары, сызбасы жасалып бекітілген. Әр жерге қандай гүл отырғызылып, қандай макет жасалатыны қаралды. Жазғы уақытта кесте бойынша әр сынып бекітілп мектеп ауласындағы гүлдер ді өсіру бойынша, түлектер аллеясында жұмыс жүргізіледі. Түлектер аллеясындағы раушан гүлдердің санын көбейту жоспарланып отыру. Қосымша мектептің бақшасында көкеністер отырғызу жоспарланған. Технология пәні, биология пәні мұғалімдері нәтижеге бағытталған жұмыс ұйымдастыруда.

**Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:**

1. 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестатауға дайындауда психологиялық сүйемелдеуді жандандыру. Мектеп психологы сүйемелдеуді жандандыру. Мектеп психолог қажеттілігіне байланысты қосымша жұмыстарды сапалы өткізу.
2. «Kundelik.kz» электронды журналды уақытылы, 100 % - ға жеткізіп толтыру, онлайн мектеп платформасында жұмысты белсенді жүргізу, ұйымдастырылған сайыстарға қатысу пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Мектеп ауласын аббаттандыру жұмыстарын іске асыру мақсатында дайын тұқымдардан гүл көшеттерін салу, оны күтіп мектп ауласына отырғызу биология пәні мұғалімі жүктелсін.
4. Қаулынын орындалуы директорың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, мектеп психологіне жүктелсін.

Төрағасы: Байгалиев К.С.

Хатшы Мадыбаева А